



Мазмұны

1-бап. Жалпы ережелер	1
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы	2
3-бап. Сақтандыру объектісі	2
4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі	2
5-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері	3
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	8
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	8
8-бап. Франшиза	8
9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	8
10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	9
12-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары	12
13-бап. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеті	13
14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері	14
15-бап. Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға ауысуы (суброгация).....	15
16-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу талаптары	15
17-бап. Қосымша талаптар	16
18-бап. Дауларды шешу тәртібі.....	18

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Қойма иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі **Сақтандырушы** деп аталатын, **Сақтанушының** Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі жолымен заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі - сақтанушы) **Сақтандыру шарттарын** (бұдан әрі мәтін бойынша – **Шарт/Сақтандыру шарты**) жасасады.
2. Қойма иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша, Сақтандырушы Сақтандыру шартымен келісілген **сақтандыру сыйлықақысы** үшін, Сақтандыру шартында көзделген **сақтандыру жағдайы** басталған кезде, Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты кімнің пайдасына жасалған болса, сол өзге тұлғаға (**Пайда алушыға**) Сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
3. Сақтандыру шартының тараптары Сақтандыру шартын жасасу сәтінде өздеріне тиесілі құқық қабілеттілігі шектелмегенін, лицензияланатын қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялары тоқтатылмағанын, қайтарып алынбағанын және оларды қайтарып алу не тоқтата тұру қаупі жоқ екенін мәлімдейді және кепілдік береді;
4. Сақтандырушы Шарт жасалған күнге өз міндеттемелеріне әсер етуі мүмкін қайта ұйымдастыру (кез келген нысанда), меншікті және жарғылық капиталды азайту, тарату немесе құқықтық мәртебесін өзгертудің өзге нысанында тұрмағанын мәлімдейді және кепілдік береді;
5. Сақтандырушы Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамада белгіленген барлық талаптарға сәйкес келетінін мәлімдейді және кепілдік береді;
6. Сақтандырушы сақтандыру ұйымдарына қатысты қолданыстағы заңнамамен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленетін барлық пруденциялық нормативтерге (қаржылық тұрақтылыққа) сәйкес келетінін мәлімдейді және кепілдік береді;
7. Сақтандырушы Сақтандыру шартына қол қою сәтінде оған белгілі немесе білуге тиіс, Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауға теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлардың жоқ екенін мәлімдейді және кепілдік береді;



8. Сақтандырушы Сақтандыру шартына қол қою туралы шешім Сақтандырушының уәкілетті органы (атқарушы орган не басқару органы) тарапынан, ҚР қолданыстағы заңнамасында, Сақтандырушының Жарғысында және сақтандыру ұйымдарына, акционерлік қоғамдарға қойылатын ішкі ережелерінде белгіленген талаптар сақтала отырып қабылданғанын және мақұлданғанын мәлімдейді және кепілдік береді;
9. Сақтандырушы Сақтандыру шарты өзі үшін «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен айқындалатын ірі мәміле болып табылмайтынын мәлімдейді және кепілдік береді;
10. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу сәтінде сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғалар жоқ екеніне кепілдік береді.
11. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін өкілеттіктерінің бар екеніне кепілдік береді.
12. Сақтандыру шартына сәйкес мүлік деп Сақтанушының қоймасына сақтауға қабылданған үшінші тұлғалардың тауары түсініледі.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. **Сақтанушы** – мүліктің сақталуына мүдделі, атап айтқанда: иесі, жалға алушысы, жалға берушісі, лизинг берушісі, лизинг алушысы болып табылатын және сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.
2. Сақтанушы – заңды тұлға сақтандыру шарты қолданылған кезеңде қайта ұйымдастырылған кезде, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.
3. Сақтанушы – жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.
4. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде **Сақтандырылған тұлға** болып табылады.
5. Сақтанушы Сақтандыру шартында үшінші тұлғаны Сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады.
6. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына Сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
7. Сақтандыру шарты бойынша **Пайда алушы** болып Сақтанушының қоймасында сақталатын тауардың (мүліктің) меншік иесі болып табылатын үшінші тұлға (Жәбірленуші) табылады.

3-бап. Сақтандыру объектісі

1. Сақтандыру объектісі болып Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін, Сақтанушының үшінші тұлғалардың Сақтанушы қоймасына сақтауға қабылданған мүлкіне (тауарына) келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүдделері табылады.

4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Сақтандыру шарты бойынша **сақтандыру жағдайы** болып Сақтанушының қоймасында сақталатын тауар иелері алдында Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі фактісінің (бұдан әрі мәтін бойынша «АҚЖ») келесі нәтижесінде туындауы табылады:
 - 1) Найзағай соғуынан туындаған өрт;
 - 2) Бұзып кіру арқылы жасалған ұрлық;
 - 3) Су тасқыны кезінде сумен су басу.АҚЖ фактісі – Сақтандыру шарты қолданылған мерзім ішінде жалпы юрисдикция сотының шешімінің заңды күшіне енуі.
2. Сақтандыру шарты бойынша көрсетілмеген оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және олар үшін Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
3. Сақтандыру ережелеріне сәйкес:
 - 1) Өрескел абайсыздық деп Сақтанушының лауазымдық нұсқаулықтар, ережелер және шаруашылық қызметті жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын өзге де нормативтік актілер талаптарын бұзуы, сондай-ақ расталған кәсіби білімі мен тәжірибесі болмаған кезде қызметкердің әрекеті түсініледі.
 - 2) Үшінші тұлғалардың талабы деп тікелей Сақтанушыға жолданған жазбаша талап (оның ішінде талап-арыз нысанындағы), сондай-ақ Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағында



қолданылатын заңнама нормаларына негізделген және зиянның мөлшері мен себептері туралы дәлелдермен расталған сотқа берілген талап арыздар түсініледі.

- 3) Зиянды өтеу туралы талаптардың қойылуы мүмкін екенін куәландыратын мән-жайлар деп Сақтандырушыға ұсынылған, зиян келтіру фактісін, оның сипаты мен мөлшерін растайтын жазбаша дәлелдемелер (анықтамалар, актілер, құзыретті органдардың қорытындылары және т.б.) түсініледі.
4. Шарт бойынша үшінші тұлғалардың мүлкіне (тауарына) зиян келтіру Сақтанушы Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде ғана сақтандыру жағдайы деп танылады.
5. Сақтандыру шартына сәйкес тек нақты залал, атап айтқанда мүліктің бүліну құны ғана өтеледі, ал Сақтанушы үшін нақты залал болып табылатын кез келген өзге шығыстар мен залалдар өтелмейді.
6. Тараптар Сақтандыру шартына сәйкес бір оқиға және/немесе бір себеп (өрт, не ұрлық, не су басу) нәтижесінде бірнеше тұлғаға зиян келтіру бір сақтандыру жағдайы болып саналатынын және сақтандыру жағдайларының саны жәбірленушілер санына тең бола алмайтынын түсінеді және келіседі (яғни бір өрт – бір сақтандыру жағдайы, бір ұрлық – бір сақтандыру жағдайы, бір су басу – бір сақтандыру жағдайы, Сақтанушының қоймасында тауарларын сақтайтын жәбірленуші меншік иелерінің санына қарамастан).

5-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

1. Осы сақтандырумен Сақтанушының АҚЖ-ның келесі түрлері жабылмайды:
- 1) міндетті сақтандыру шарттары бойынша жабылатын (немесе жабылуы мүмкін болған) жауапкершілік;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік, оның ішінде бірақ онымен шектелмей шарт талаптарын бұзғаны, міндеттемелерді тиісінше орындамағаны не орындамағаны, шарттан бас тартқаны және т.б. үшін жауапкершілік;
- 3) азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша, оның ішінде бірақ онымен шектелмей, қарыз, тапсырма, кепілдік, кепіл болушылық, кепіл, банктік қарыз шарты бойынша;
- 4) өртті сөндіру кезінде тауардың сулануынан туындаған жауапкершілік;
- 5) шаң, түтін, күйе, ыс әсерінен тауардың бүлінуі не жойылуы нәтижесінде туындаған жауапкершілік;
- 6) мәні қаржы құралдары және/немесе вексельдер болып табылатын азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша;
- 7) бағалы қағаздар нарығы туралы, банктік қызмет туралы заңнамамен реттелетін азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша;
- 8) біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
- 9) Сақтанушының заңды тұлға ретіндегі және оның құрылтайшылары/қатысушылары/акционерлері/мүлік иелері, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушылары, аффилиирленген тұлғалар, Сақтанушы қатысушысы/құрылтайшысы/акционері/мүлік иесі болып табылатын заңды тұлғалар, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушысы болып табылатын тұлғалар арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық), оның ішінде бірақ онымен шектелмей заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі, заңды тұлғаларды құру, заңды тұлғаларды басқару, дивидендтер төлеу, заңды тұлғалардың басқару органдарының шешімдер қабылдауы, заңды тұлғалардың кірістерін бөлу, мүлікке құқықтар, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру, заңды тұлғалардың қызметін тоқтату, заңды тұлғалардың құқық мирасқорлығы, заңды тұлғалардың банкроттығы, жай серіктестік/консорциум қызметін тоқтату қатынастары;
- 10) Заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының), акционерінің немесе оның мүлкі меншік иесінің міндеттемелері бойынша заңды тұлғаның жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
- 11) Сақтанушының заңды тұлға ретіндегі және оның басқару органдары арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);
- 12) Сақтанушының үшінші тұлғалар алдында өзінің органы құрылтай құжаттарымен белгіленген өкілеттіктерінен асыра қабылдаған міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);



- 13) Сақтанушының үшінші тұлғалар алдында қолданыстағы заңнама талаптарын бұза отырып қабылданған міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
 - 14) Сақтанушының үшінші тұлғалар алдында заңды тұлға таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға байланысты міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық), оның ішінде банкроттық нәтижесінде тарату;
 - 15) Сақтанушының еншілес ұйымының оның кінәсінен банкротқа ұшырауы жағдайындағы Сақтанушының жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
 - 16) Сақтанушының толық серіктестік қатысушысы ретіндегі серіктестік қарыздары бойынша жауапкершілігі;
 - 17) Сақтанушының қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушысы ретіндегі серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
 - 18) Сақтанушының кооператив мүшесі ретіндегі кооператив міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
 - 19) Сақтанушының құрылтайшы ретіндегі мекеменің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
 - 20) негізсіз баю салдарынан туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;
 - 21) тапсырмасыз бөтен мүддеде әрекет ету нәтижесінде туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;
 - 22) Сақтанушының кез келген регрестік талаптар, регресс тәртібімен қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі;
 - 23) Сақтанушының үшінші тұлғаларға берілген міндеттемелер бойынша жауапкершілігі;
 - 24) Сақтанушының үшінші тұлғалардан қабылданған міндеттемелер бойынша жауапкершілігі;
 - 25) Сақтанушының медиация барысында, бітімгершілік келісім жасау, үшінші тұлғалардың талаптарын ерікті түрде қанағаттандыру процесінде қабылданған міндеттемелер бойынша жауапкершілігі;
 - 26) қауіпті немесе уытты заттарға, не биохимиялық токсиндерге иелік етуге, пайдалануға байланысты жауапкершілік;
 - 27) шаңның немесе өзге ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, ағып кетуі, төгілуі, бөлінуі үшін жауапкершілік, бұл біртіндеп не кенеттен орын алғанына қарамастан;
 - 28) үй-жайларды жөндеуден, реконструкциялаудан, салудан, көшіруден, жөндеу жұмыстарынан туындайтын кез келген жауапкершілік.
2. Мүліктік зиян бойынша АҚЖ алып тастаулары:
Осы сақтандырумен Сақтанушының келесімен байланысты/салдарынан туындаған/қатысты АҚЖ жабылмайды:
- 1) автокөлік құралдарын пайдалану арқылы келтірілген зиян;
 - 2) тасымалдаушы ретінде әрекет ететін Сақтанушының көлік құралдарын пайдалануы;
 - 3) тауарды қойма аумағында да, одан тыс жерде де тиеу, түсіру, тасымалдау, жылжыту кезінде келтірілген зиян;
 - 4) айналадағылар үшін қауіпті қызметті (жоғары қауіптілік көздерін) жүзеге асыру;
 - 5) жарылыс қауіпті, улы тауарларды, заттарды сақтау, егер бүліну немесе зиян осындай заттардың әсерінен туындаса;
 - 6) оқиғасы анықталмайтын зиян, мұндай зиян сол оқиғадан туындаған;
 - 7) қоршаған ортаның ластануы үшін жауапкершілік, қоршаған ортаның ластануы салдарын жоюға арналған шығыстар;
 - 8) Сақтанушының өз қызметкерлеріне, сондай-ақ мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне келтірілген зиянмен байланысты кез келген жауапкершілік;
 - 9) қауіпті немесе уытты, не биохимиялық токсиндерге иелік етуге, пайдалануға байланысты жауапкершілік;
 - 10) шаңның немесе өзге ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, ағып кетуі, төгілуі, бөлінуі үшін жауапкершілік, бұл біртіндеп не кенеттен орын алғанына қарамастан;
 - 11) мемлекеттік мүлікке келтірілген зиян;
 - 12) әуе, ғарыш, теңіз, өзен кемелеріне, мұнай мұнаралары мен платформаларына, жасанды аралдарға және ондағы құрылыстарға, соның ішінде аталған мүліктің қосалқы бөлшектеріне, компоненттері мен құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ өзге де ұқсас мүлікке келтірілген зиян;
 - 13) айыпақы, санкциялар, айыппұлдар, моральдық зиянды, беделдік зиянды, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сот шығындарын өтеу міндетімен байланысты;
 - 14) кез келген мүліктік емес зиянды/залалды өтеу міндетімен байланысты;
 - 15) бүлінген мүліктің тауарлық құнының жоғалуын өтеу міндетімен;
 - 16) тағамдық және/немесе химиялық және/немесе уытты уланумен;
 - 17) термиялық күйіктермен;



- 18) сатылымдағы мүлікке (оның ішінде сату орындарында) келтірілген зиянды өтеумен;
- 19) транзиттегі жүктерге, тауарларға келтірілген зиянды өтеумен;
- 20) айналымдағы тауарларға келтірілген зиянды өтеумен;
- 21) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өзі өткізетін де, өзге тұлғалар ұйымдастырған да бұқаралық іс-шараларды өткізуге байланысты келтірілген зиянды өтеу міндетімен, тіпті мұндай іс-шараға қатысушылар және іс-шара өтетін жерге жақын немесе сол жерде орналасқан мүлік зардап шексе де;
- 22) қауіпті хобби және/немесе кәсіптер және/немесе спорт түрлерімен байланысты қызметпен, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: парашютпен секіру, су астында жүзу, әуе шарымен ұшу, автожарыс, альпинизм, шаңғы, рафтинг, серфинг, скейтбординг, коньки тебу, дельта-, парапланеризм, автомобиль және мото жарыстары, атқа міну, футбол, хоккей, регби, күштік спорт түрлері (ауыр атлетика), күрестің барлық түрлері, спелеотуризм, родео, роликті тақтайдағы жарыстар, вело-, мотоспорт және т.б.;
- 23) пайданы жоғалтуды өтеу міндетімен;
- 24) өндірістегі (қызмет көрсетудегі) үзіліс құнын, өндіріс құнының ұлғаюын, айырылып қалған пайданы өтеу міндетімен;
- 25) жөндеу, реконструкция, құрылыс, жобалау, бүлінген мүлікті көшіру құнын өтеу міндетімен;
- 26) жобалардағы, жобалаудағы, кез келген техникалық құжаттамадағы қателермен;
- 27) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өрт қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында белгіленген өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзуымен;
- 28) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кез келген жарғылық және кәсіби қызметті жүзеге асыруы нәтижесіндегі қателері мен олқылықтарымен;
- 29) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға өндіретін, шығаратын, көрсететін, орындайтын өнімнің және/немесе қызметтердің/жұмыстардың сапасымен;
- 30) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға өткізетін, консигнацияға алатын, сататын өнімнің және/немесе қызметтердің/жұмыстардың сапасымен;
- 31) Сақтанушының / Сақтандырылған тұлғаның / Пайда алушының (оның қызметкерлерінің / отбасы мүшелерінің, жалданған, тартылған тұлғалардың, жұмыстарға, қызметтерге, сатуларға, тасымалдауларға, тиеулерге, түсірулерге жіберілген тұлғалардың және басқа да тұлғалардың) алкогольдік, есірткілік, токсикоманиялық мас күйінде және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдану жағдайындағы әрекеттерімен/әрекетсіздігімен;
- 32) қосалқы мердігерлердің/мердігерлердің, құрылысшылардың, серіктестердің/контрагенттердің, Сақтанушы жұмыскерлерінің, сенім білдірілген өкілдерінің әрекеттерімен/әрекетсіздігімен;
- 33) террорлық актілермен және үшінші тұлғалардың саяси себептермен жасалған құқыққа қарсы әрекеттерімен;
- 34) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның көзқарасы тұрғысынан күтілетін немесе болжанатын зиян келтіруге байланысты талаптармен;
- 35) Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ақыға уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға, лизингке, прокатқа және т.б.), өтеусіз пайдалануға, сенімгерлік басқаруға не кепілге берілген мүліктің бүлінуімен, жойылуымен, нашарлауымен, қаза болуымен немесе бұзылуымен;
- 36) авторлық құқықтарды және зияткерлік меншік объектілеріне өзге де айрықша құқықтарды бұзумен;
- 37) діріл әсерімен, қада қағу әсерімен, топырақтың отыруымен немесе бұзумен, сондай-ақ тіректердің жылжуымен, алынуымен немесе әлсіреуімен;
- 38) магистральдық коммуникацияларға: кабельдерге, арналарға, су құбырларына, газ құбырларына және басқа да жол өткізгіштерге зиян келтірумен;
- 39) тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді термиялық әсердің немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың немесе атмосферадағы кез келген, оның ішінде қалқымалы бөлшектердің (күйе, қап-қара күйе, түтін, шаң және т.б.) әсерінен, жоғарыда аталған заттардың әсері кенеттен және күтпеген сипатта болған және зиян осындай әсердің бұлтартпас салдары екендігіне және тікелей сақтандырылған қызметпен байланысты екендігіне көрнекі дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;
- 40) атыс, газ, суық, пневматикалық немесе лақтыратын қаруды пайдаланумен;
- 41) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған және оның қолданылу мерзімі ішінде жалғасқан себептермен;



- 42) Сақтандыру шарты қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған, бірақ тоқтатылған себептермен, алайда олардың әсері Сақтандыру шарты қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру жағдайына алып келген;
 - 43) жылдың осы уақыты мен осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсерімен;
 - 44) жәбірленуші үшінші тұлғалардың ақша, бағалы қағаздар, алтын, асыл не түсті металдардан жасалған бұйымдар, асыл бұйымдар, әшекейлер, өнер туындылары немесе өзге де құндылықтар, оның ішінде антикварлық не тарихи немесе өзге де әлеуметтік құндылығы бар мүлік түріндегі мүлкіне;
 - 45) заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық, консультациялық, аударма қызметтерін көрсетумен;
 - 46) дәрігерлік, сәулеттік, жобалық қызметпен;
 - 47) компьютерлік бағдарламалар, сайттар, микросхемалар жасау, ақпаратты электрондық түрде сақтау қызметімен;
 - 48) конструкциялардың, механизмдердің, агрегаттардың пайдалануға беру\қабылдап алу немесе тапсырыс берушіге беру сәтіне дейін, не жинау, құрылыс, монтаж, орнату, инсталляция аяқталғанға дейін бұзылуымен немесе бүлінуімен;
 - 49) Сақтанушымен\Сақтандырылған тұлғамен байланысты тұлғалардың жеке мүлкінің бүлінуімен (қызметкерлер, серіктестер, жалдамалы жұмыскерлер, өзге шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар немесе себептері мен қажеттілігіне қарамастан сақтандыру оқиғасы болған жерде болған тұлғалар);
 - 50) Сақтандырушымен келісу бойынша таңдалған тәуелсіз сараптамалық ұйым растаған анықталмаған себеппен;
 - 51) шарттарға, келісімшарттарға, келісімдерге өзгерістер енгізумен, олардың тараптарын өзгертумен, құнын өзгертумен, бастапқыда көзделген жұмыстар, қызметтер көлемдерін не шарттарда, келісімшарттарда, келісімдерде және оларға қосымшаларда көрсетілген тауарлардың, заттардың не өзге мүліктің саны, атауы, сипатын өзгертумен;
 - 52) құжаттарды, жобаларды келіспеумен, толық емес, тиісінше емес келісумен;
 - 53) уәкілетті органдар мен ұйымдардың қажетті рұқсаттарының болмауымен;
 - 54) өндірушіде стандартты емес жобалар, материалдар, жабдықтар бойынша жеке дайындауды талап ететін бірегей құрылыстарды салу, реконструкциялау үшін қажетті мүліктің бүлінуімен;
 - 55) Пайдалануға қажетті сертификаттары, рұқсаттары жоқ материалдарды, жабдықтарды, мүкәммалды пайдаланумен;
 - 56) Технологиялық процестерді бұзумен;
 - 57) Орындалатын жұмысқа қолданылатын кәсіби дағдыларын растайтын қажетті құжаттары жоқ тұлғаларды жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге жіберумен;
 - 58) Сақтау, орнату, тасымалдау, тиеу, жұмыста пайдалану бөлігінде ерекше ұқыпты қарауды талап ететін сынғыш материалдардың бүлінуімен, жойылуымен;
 - 59) мемлекеттердің, үкіметтердің және мемлекеттік бірлестіктердің шешімімен (тікелей немесе жанама) салынған санкциялар мен шектеулермен;
 - 60) кедендік \салықтық алымдарды, баждарды және т.б. өндіріп алу туралы талап-арыздармен\талаптармен;
 - 61) сақтандырылған тұлғаның және\немесе пайда алушының пайдалануындағы, бірақ оларға меншік құқығымен тиесілі емес мүлікпен;
 - 62) уақытша ғимараттармен және құрылыстармен, қоймалық, қосалқы үй-жайлармен, құрылыс ормандарымен, инженерлік коммуникациялармен;
 - 63) аумақты мүлік сынықтарынан (қалдықтарынан) тазарту бойынша шығыстарды өтеумен;
 - 64) сақтандыру оқиғасына байланысты адамдарды, жабдықты, жүкті тасымалдау бойынша шығыстарды өтеумен;
 - 65) қаза тапқандардың немесе жараланғандардың денелерін тұрақты тұратын жеріне, сондай-ақ кез келген басқа бағытта репатриациялау бойынша шығыстарды өтеумен; сақтандыру оқиғасын және оның салдарын жою немесе жою процесінің салдарынан не барысында;
 - 66) асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар кез келген өнімдердің, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсерінен туындаған залалдар.
3. Болуы Сақтандырушыға олар аяқталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға құқық беретін мән-жайлар:
 - 1) сақтандыру оқиғасына қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік тергеулер;
 - 2) кінәлі тұлғаларды анықтау рәсімі және оларға қатысты тиісті іс жүргізу шешімін шығару;



- 3) сақтандырылған тұлға, сақтанушы, пайда алушы және сақтандырушы арасында да, сондай-ақ кез келген өзге тұлғалар арасында да сақтандыру оқиғасына байланысты оқиғалар мен мән-жайлар бойынша аяқталмаған сот талқылауларының болуы.
4. Сақтандырушы жаппайды және Сақтандырушының Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына келесілер де негіз болуы мүмкін:
 - 1) Шарт күшіне енген кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның қызметкерлеріне зиян келтіру нәтижесіндегі залалдар;
 - 3) міндетті сақтандыру түрлерімен жабылатын залалдар;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның банкроттығынан туындаған залалдар;
 - 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;
 - 6) сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын, Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынбау (не толық көлемде ұсынбау);
 - 7) зиян келтіруге кінәлі тұлға Пайда алушы болып табылуы;
 - 8) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның қызметті жүзеге асыруға лицензиясы/рұқсаты тоқтатылған, қайтарылып алынған немесе қолданылуы тоқтатылған кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 9) құзыретті органдардың сақтандыру жағдайы туралы қорытындысының болмауы;
 - 10) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
 - 11) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
 - 12) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 13) Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі), олардың нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмай қалуы;
 - 14) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тізбеде (бұдан әрі мәтін бойынша – **ЖҚҚТҚ тізбесі**) болуы;
 - 15) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - 16) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция **КЖ және ТҚ** мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.
5. Сондай-ақ, Шарт бойынша мыналар жабылмайды:
 - 1) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар (ксерокөшірмелерге, нотариаттық куәландыруға, сараптамаға, адвокат, өкіл, аудармашы қызметтеріне ақы төлеу және т.б. шығыстар);
 - 2) Шартта көзделген сақтандыру сомасынан асатын зиян;
 - 3) Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүргізілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиян мөлшерін анықтау мақсатында сараптама жүргізуге арналған шығыстар;
 - 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайлар.
 - 5) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы.
6. Шарт кез келген жағдайда компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтуды, кодты, вирусты немесе процесті не кез келген өзге электрондық жүйені қасақана зиян келтіру құралы ретінде зиянды түрде пайдалану немесе қолданудан тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатылған немесе туындайтын залалдарды, зиянды, жауапкершілікті немесе шығыстарды жаппайды.
7. Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтуды, не өзге электрондық жүйені кез келген қаруды немесе снарядты іске қосу және/немесе бағыттау және/немесе іске қосу тетігі жүйесінде пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды жаппайды.



6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы – бұл сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
2. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объекті бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.
3. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:
 - 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының бүкіл қолданылу кезеңі ішіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
 - 2) сақтандыруға қабылданған әрбір объект бойынша сақтандыру сомасы;
 - 3) әрбір не бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы;
 - 4) бір оқиға нәтижесіндегі сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша сақтандыру сомасы;
 - 5) әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша немесе сақтандыру тәуекелдерінің тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 6) сақтандыру сомаларының өзге де түрлері.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушының Сақтандырушыға соңғысының Сақтанушыға (**Пайда алушыға**) Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипаты ескеріле отырып сақтандыру сомасының бірлігінен есептеледі.
2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әр объект және әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
4. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушының құқығы бар:
 - 1) кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзу;
 - 2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға мерзімі өтіп кеткен сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленгенге дейін басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.
5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге бөліп төлеу ұсынылған және Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген төлем кестесіне сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 5 (бес) күнтізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы бүкіл кезең үшін сақтандыру сыйлықақысы сомасын толық көлемде сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

8-бап. Франшиза

1. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз франшиза көзделуі мүмкін. Шартсыз франшиза – зиян мөлшері мен сақтандыру сомасына қарамастан әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі сомасынан шегеріледі.
2. Франшиза сақтандыру сомасынан пайыз түрінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған.
2. Сақтанушының Сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша жүгіну жолымен жасалады.
3. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалса, бұл өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар, сақтанушыға белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.
6. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын объектіге қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге міндетті.
7. Сақтандырылған мүлік туралы ақпараттың дұрыстығына Сақтанушы жауапты болады.



8. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушымен хабарланбағаны негізінде Сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
9. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
10. Егер Сақтанушы үндемей қалған мән-жайлар енді жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
11. Сақтанушының өтінішінде сақтандыру шартын жасасу сәтінде сақтандыруға жататын мүліктегі зақымдар мен ақаулар көрсетіледі. Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне тиесілі мүлікке қатысты басқа тұлғалардың талаптарының, сот талап-арыздарының бар екендігі немесе соттың қабылданған шешімдерінің бар екендігі туралы хабарлауға міндетті.
12. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) шарт жасалған күн және қолданылу мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болып табылса, сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы көрсетілімдер;
 - 9) сақтандыру шартының нөмірі;
 - 10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
 - 11) сақтанушыны немесе сақтандырылған тұлғаны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;
 - 12) сақтанушының бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болса), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) Сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, және ол Сақтандыру шартында көрсетілсе, оның бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болса), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі.
13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Шарттың **Көшірмесін** береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап тоқтатылады.
3. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқығы бар:
 - 1) Шарт жоғалған кезде – оның Көшірмесін алуға;
 - 2) Сақтандырушының келісімімен Шарт талаптарын өзгертуге;



- 3) Сақтандыру ережелерінің 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 4) Сақтанушының Сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары бар.
2. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға міндетті:
 - 1) Шарт қолданылған кезеңде сақтандыру объектісіне қатысты қолданылып жүрген басқа сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
 - 2) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарлауға. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі деп танылады;
 - 3) Шарт қолданылған кезеңде, 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға. Шарт бойынша елеулі өзгерістер деп мыналар танылады:
 - көрсетілетін қызметтер көлемінің 10 (он) пайызға және одан көп ұлғаюы;
 - кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензияға/рұқсатқа өзгерістер енгізу;
 - кадрлық өзгерістің 10 (он) пайызға және одан көп болуы.
 - 4) өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауға, оның ішінде өртке қарсы қызметтердің нұсқамасы бойынша өртке қарсы режимнің жол берілген бұзушылықтарын міндетті түрде жоюға;
 - 5) өртті сөндіру үшін сақталатын тауардан 10 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан көлемі кемінде 10 тонна су резервуарының, гидранттардың, шлангтардың, спринклерлік жүйенің, сорғылардың, өрт сөндіргіштердің және т.б. болуын қамтамасыз етуге, осы норманы бұзған жағдайда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
 - 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде дереу құзыретті органдарға мәлімдеуге және залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
 - 7) тауардың тәулік бойы күзетілуін, қойманың барлық үй-жайларында сақталатын тауарды толық шолумен үздіксіз бейнебақылауды, сондай-ақ бейнежазбаларды Шарт қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақтауды қамтамасыз етуге, кері жағдайда осы шарт бұзылған кезде сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
 - 8) дереу, бірақ сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыға кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарлама кез келген жағдайда кейіннен (қырық сегіз сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы тиіс. Сондай-ақ Сақтанушыға зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы мен салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
 - 9) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдерді беруге және оған Сақтандырушыға өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
 - 10) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талабымен байланысты мәселелерді реттеуге Сақтандырушының қатысуына мүмкіндік беруге, бұл ретте сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі;
 - 11) Пайда алушы қойған зиянды өтеу туралы талаптарды Сақтандырушының келісімінсіз өтемеуге, ішінара немесе толық мойындамауға, сондай-ақ мұндай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне алмауға;
 - 12) зиянды өтеу туралы талаптар қойылған жағдайда соттан тыс және сот тәртібіндегі қорғауда Сақтандырушыға барлық мүмкін жәрдемді көрсетуге;
 - 13) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
 - 14) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді әрі қарай сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ жалпы Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.
 - 15) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында



және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.

- 16) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін жазбаша түрде талап етіп алуға міндетті.
- 17) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауына, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауына, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауына жауапты болады.
- 18) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісім әрекет ететін мерзім немесе кезең;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай мүмкіндіктің жоқтығы туралы мәліметтер;
 - оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректердің тізбесі.Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларында сақталатын дербес деректерін, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.
- 19) Сақтанушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттері бар.
 3. Сақтандырушының құқығы бар:
 - 1) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;
 - 2) кез келген уақытта Сақтанушының Шарт талаптарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушы бұған кедергі жасауға құқылы емес;
 - 3) Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға тарапынан Шарт талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда, Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға үшін міндетті, оларды жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беруге;
 - 4) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы туралы барлық қажетті құжаттаманы сұратуға;
 - 5) егер сақтандыру жағдайы Шарт талаптарын бұзу салдарынан орын алса, сондай-ақ Сақтандыру ережелерінің 5-бабында көрсетілген негіздер бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
 - 6) Сақтандыру ережелерінің 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 7) клиенттерді тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге;
 - 8) Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
 4. Сақтандырушы міндетті:
 - 1) Сақтанушының Шартты жоғалту туралы жазбаша өтінішін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде – оның Көшірмесін беруге;
 - 2) сақтандыру жағдайының басталуын, оның себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, соңғы қажетті құжатты алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе одан бас тартуға;



- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны құжаттарды алған күннен бастап 15 күн ішінде хабардар етуге;
- 4) Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттері бар.
- 5) Келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты **ЖҚҚТҚ тізбесінде** болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция **КЖ және ТҚ** (қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру) мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.
5. Жәбірленушінің құқығы бар:
 - 1) өзіне Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға зиян келтірген оқиға туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
 - 2) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 3) мүлікке келтірілген зиян мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
 - 4) келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы мен тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептеулерімен танысуға;
 - 5) Сақтандыру ережелерінің 14-бабында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
 - 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
 - 7) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын бөлігі көлемінде Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талап қоюға.
6. Жәбірленуші міндетті:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде заң бойынша немесе Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылатын мән-жай анықталған жағдайда, Сақтандырушының жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға.
 - 2) Шартта көзделген жағдайларда, Сақтандыру ережелерінде белгіленген Жәбірленушінің құқықтары мен міндеттері Пайда алушылар ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға өтеді.
7. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы ережелердің басқа тармақтарында көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

12-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары

1. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:
 - 1) сақтандыру аумағының өзгеруі;
 - 2) сақтанушы қызметі түрінің өзгеруі;Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін өзге де елеулі өзгерістер келісіліп көрсетілуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелетін мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шарты талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.



4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушының іс жүргізу шығыстарын және сақтандыру қызметінен алынатын табыс салығын ескере отырып, сақтандыру қорғанысының қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.
5. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге, немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай азайтуға, не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелетін мән-жайлар енді жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-бап. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеті

1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталғанда және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:
 - қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде бүлінген мүлікті құтқару және сақтау үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға (егер сақтандырушы нақты шараларды қабылдау жөнінде нұсқаулар берсе, соны орындауға тиіс);
 - оқиғаны уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдармен құжаттық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
 - өзі білген күннен бастап қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиға туралы сақтандырушыға немесе оның уәкілетті өкіліне хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушыға одан арғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер Сақтандыру шартында хабарлаудың өзге мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, хабарлау келісілген мерзімде және шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;
 - сақтандырушы оны қарап шыққанға дейін бүлінген мүлікті сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейінгі күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген зиян көрінісін тек қауіпсіздік мақсаттары, зиян мөлшерін азайту немесе сақтандырушының келісімі негізінде ғана, сондай-ақ сақтандырушыға оқиға туралы хабарлағаннан кейін екі апта өткен соң өзгертуге құқылы;
 - сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді сақтандырушыға ұсынуға;
 - сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиға) орны мен бүлінген мүлікті қарап шығуға немесе тексеруге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеп-тексеруге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
 - залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз етуге.
2. Сақтандырушының өкілі Сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпестен, зардап шеккен мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы бұған кедергі жасауға құқылы емес.
3. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету және қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару мен сақтау үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
4. Пайда алушы Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы кез келген жағдайда, мұны Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға жасаған-жасамағанына қарамастан, хабардар етуге құқылы.
5. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.
6. Сақтандырушы немесе оның өкілдері Сақтанушыға қажетті шараларды қабылдау жөнінде нұсқау бере отырып, сақтандырылған мүлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға құқылы.



14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға, не Пайда алушы жазбаша нысанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды қоса бере отырып ұсынады. Сақтандыру төлемінің валютасы – теңге.
2. Егер Шарт бойынша Пайда алушылар бірнеше тұлға болса, онда олар сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін келтірілген зиянға пропорционалды түрде алады.
3. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде, Сақтанушы Жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен нақты зиян мөлшері арасындағы айырманы өтейді.
4. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуын, оның себептерін, залал мөлшерін және алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын соңғы қажетті құжат ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:
 - 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 2) Сақтанушының болған оқиғаның қысқаша сипаттамасы көрсетілген жазбаша өтініші;
 - 3) Сақтанушы – жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмелері, заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, статистикалық картаның көшірмелерін ұсыну қажет;
 - 4) сақтандыру жағдайының фактісі мен себебін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары;
 - 5) үшінші тұлғалардың Сақтанушымен келтірілген зиянды өтеу туралы ресми талабы (талап-арызы);
 - 6) Сақтанушыға келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктейтін сот шешімі;
 - 7) келтірілген зиянды бағалау туралы тәуелсіз сарапшының жазбаша қорытындысы;
 - 8) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, неке туралы куәлік, туу туралы куәлік, сенімхат және т.б.
5. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Жәбірленушінің шеккен нақты залалынан аспауы тиіс.
6. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің шамасына азаяды. Сақтанушы қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру сомасының бастапқы мөлшерін қалпына келтіруге құқылы.
7. Мүліктік зиян келтірілген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы франшиза және амортизация туралы талаптарды ескере отырып, бірақ сақтандыру сомасынан және инвойстық құннан аспайтын нақты зиян сомасынан шыға отырып айқындайды.
8. Амортизация деп Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының әдістемелік әзірлемелерімен белгіленген, шығарылған жылына және пайдалану мерзіміне байланысты есептелетін мүліктің тозу пайызы түсініледі.
9. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі, бір оқиғадан зардап шеккен тұлғалардың санына қарамастан, 10 000 000 (он миллион) теңгеден аспауы тиіс, бұған Сақтанушы келіседі.
10. Сақтандырушы Үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген нақты залалдың құнын өтейді, ол баланстық құнынан жоғары болмауға, бірақ кез келген жағдайда амортизациялық тозуды шегере отырып, зауыт-өндірушінің осындай мүліктің (немесе ұқсас мүліктің) құнынан жоғары болмауға тиіс. Бұл ретте зауыт-өндіруші белгілеген мүлік құны не баланстық құны төлем жүргізілген күнгі осындай мүліктің (немесе ұқсас мүліктің) нарықтық құнынан аспауға тиіс.
11. Сақтандыру төлемі сомасына кез келген жағдайда кірмейді:
 - 1) бүлінген мүлікті техникалық және кепілдік қызмет көрсетуге арналған шығыстар;
 - 2) бүлінген мүлікті реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөлшектері, тетіктері мен тораптарын тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына қатысы жоқ өзге де себептерге байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) бүлінген мүліктің бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны, егер олардың бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындамаса;
 - 4) қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жетіспейтін бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны;
 - 5) бүлінген мүлікті тасымалдауға арналған шығындар;
 - 6) құзыретті органдардың құжаттарында бүлінген деп көрсетілмеген мүліктің бүлінген бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге арналған шығындар, жасырын ақауларды қоспағанда;
 - 7) жөндеуші кәсіпорында қажетті қосалқы бөлшектердің, тетіктердің болмауына байланысты мүліктің тораптарын, агрегаттарын, бөліктерін бүтіндей ауыстыру (жөндеудің орнына);
 - 8) нормативтен жоғары тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолданумен байланысты шығындар;



- 9) бүлінген жабдықта, агрегаттарда, конструкцияларда пайдаланылатын әртүрлі техникалық сұйықтықтарды ауыстырумен байланысты шығындар;
- 10) бүлінген мүліктің құнын ұлғайтуға алып келетін өзге де шығыстар.
12. Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген мүліктік зиянның мөлшері тәуелсіз сарапшының жазбаша бағалау есебі негізінде айқындалады.
13. Сақтандырушы мүліктік зиян кезінде сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі сомасы шегінде натуралдық нысандағы өтеммен ауыстыруға құқылы.
14. Сақтандыру төлемі Жәбірленушінің банктік шотына ақшаны есепке жатқызу жолымен жүргізіледі. Сақтандыру төлемі күні болып ақшаның Сақтандырушының банктік шотынан есептен шығарылған күні, ал натуралдық түрде өтемақы төленген кезде – зардап шеккен мүлікке ұқсас зат берілген күн есептеледі.
15. Егер құзыретті органдар Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға немесе Жәбірленушіге қарсы қылмыстық іс қозғаған және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына және соның салдарынан келтірілген залалдарға әкелген мән-жайларға тергеу жүргізіп жатса – Сақтандырушы тергеу аяқталғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға міндетті.
16. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда, сақтандыру жағдайы басталған күнгі осы мүліктің нарықтық құны мөлшерінде мүлікке немесе оның қалдықтарына құқық алады. Бұл жағдайда Жәбірленуші Сақтандырушыға жазбаша абандон-өтінішті (Жәбірленушінің зардап шеккен мүлікке мүліктік құқықтарынан Сақтандырушының пайдасына бас тартуы) ұсынуға міндетті, оның негізінде Сақтандырушы жоғалған мүліктің немесе оның кез келген қалдықтарының меншік иесі болуға, барлық құқық белгілейтін құжаттармен бірге оларды иеленуге құқық алады.
17. Сақтандырушы абандон құқығынан бас тартуға құқылы, бұл ретте сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде жоғалған сақтандырылған мүліктің қалдық құнын ұстап қалады.
18. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге сақтандыру шарттары қолданылып тұрса, сақтандыру төлемі объект әрбір Сақтандырушыда сақтандырылған сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды түрде бөлінеді, ал Сақтандыру шартының Тарабы болып табылатын Сақтандырушы сақтандыру төлемін тек өз үлесіне тиесілі бөлігінде ғана жүзеге асырады.

15-бап. Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) талап ету құқығы өтеді.
2. Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушыға өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушымен өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу талаптары

1. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) франшиза және амортизация шартын қолдануды ескере отырып, толық сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
 - 2) Сақтанушының Шарттан бас тартуы;
 - 3) соттың Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру объектісіне құқығын жоғалтуы;
 - 5) Тараптардың бірінің таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы;
 - 6) Тараптардың Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі;



- 7) Тараптардың бірінің Шарт талаптарын елеулі бұзуы жағдайында талап қоюы. Шарт талаптарын елеулі бұзу деп Тараптардың бірінің Шарт талаптарын орындамауы немесе Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы түсініледі. Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындау фактісі құжатпен расталуға тиіс.
3. Сақтандыру ережелерінің осы бабының 2-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бастамашы Тарап екінші Тарапты болжанатын тоқтату күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
4. Сақтандыру ережелерінің осы бабының 2-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды түрде есептелген бөлігін ұстап қалуға, сондай-ақ қайтарылатын сомадан әкімшілік шығыстарды (жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджердің сыйақысын қоса алғанда) шегеруге құқылы.
5. Егер жеке тұлға болып табылатын Сақтанушы Шарттан бас тартса және бұл Сақтандыру ережелерінің осы бабының 2-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.
6. Егер жеке тұлға болып табылатын Сақтанушы Шарттан қарыз шартымен байланысты, қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін (қарыз алушы ретінде) орындауына байланысты бас тартса, Сақтандырушы жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.
7. Егер Сақтанушы Шарттан бас тартса және бұл Сақтандыру ережелерінің осы бабының 2, 5, 6-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылмайды.
8. Шарттың қолданылуы өзге негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.
9. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1%-ы мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті.
10. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысы қайтарымының сомасын Сақтанушының алуы (банктегі шоттан ақшаны қолма-қолға айналдыру немесе Сақтандырушы кассасынан қолма-қол ақша алу және т.б.) Сақтанушының қайтарым сомасының мөлшерімен келісімін растайтын жеткілікті негіз болып табылады және алынған сомаға дау айту мүмкіндігін толығымен жоққа шығарады. Қайтарылатын соманың мөлшерімен келіспеген жағдайда, Сақтанушы шотқа аударылған ақшаны шешіп алмауға тиіс.

17-бап. Қосымша талаптар

1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша, Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
2. Егер қандай да бір Тарап Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, бес күндік мерзім ішінде Сақтандыру шартын бұрынғы талаптармен жалғастыру немесе Сақтандыру шартын тоқтату туралы мәселе шешіледі.
3. Тараптардың бірінің өтінішін алған сәттен бастап осы баптың 1 және 2-тармақтарынан туындайтын шешім қабылданғанға дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптармен қолданылады.
4. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.
5. Шартпен тікелей немесе жанама түрде келесі оқиғалардың әсерінен немесе болуы кезінде басталған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:



- 1) кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуларда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген өзге де ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған немесе қолданылатын әсері;
- 2) кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуларда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген өзге де ұқсас әрекеттерде қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған, не осындай әрекеттердің іске аспай қалған залалсыздандырылған құралдары болып қалған әсері.
6. Шартпен келесі жағдайлардағы жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:
 - 1) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
 - 2) мемлекеттік органдармен, әскери қызметшілермен, әскери міндеттілермен, жалдамалы әскерлермен, бітімгерлермен жүргізілетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
 - 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
 - 4) терроризмге қарсы операциялар;
 - 5) бітімгерлік операциялар;
 - 6) төтенше жағдай;
 - 7) коменданттық жағдай;
 - 8) әскери жағдай;
 - 9) жүріп-тұруды шектеу режимдері;
 - 10) жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.
7. Шарт бойынша мыналардың нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:
 - 1) кез келген үкіметпен немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарымен сақтандырылған мүлікті тәркілеу, ұлттандыру, басып алу, ұстап қалу, қамауға алу, жою, иеленіп алу, реквизициялау.
 - 2) Өзге кез келген талаптарға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай сақтандыру жабыны, төлем, төлемақы немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда не экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
8. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары түріндегі санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушының Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету жолымен Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген электрондық поштаға немесе пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
9. Тараптар Сақтандыру ережелерінің осы бабының 8-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының пайдаланылмаған бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.
10. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары түріндегі санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне,



серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да жүзеге асырмайтынымен келіседі.

11. Тараптар Сақтандыру ережелерінің осы бабының 8-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген кезде, Сақтандырушының Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға өсімпұл төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.
12. Тараптар үшінші тұлғаларға, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына, қызметтік және коммерциялық ақпарат құпиясын немесе жария етілуі Тараптардың біріне не олардың бірлескен қызметіне зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді бермеуге міндеттенеді.
13. Сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттердің басқа тұлғаларға ауысуына, егер Тараптардың қосымша жазбаша келісімімен өзгеше көзделмесе, жол берілмейді.
14. Сақтандыру ережелерінде көзделмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
15. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы анық емес мәліметтерді ұсынудың салдарлары, атап айтқанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы ескертілгенін және онымен келісетінін растайды.
16. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандыру ережелерінің барлық талаптарымен танысқанын, Сақтандыру ережелерінің әрбір бетін оқығанын және келісетінін растайды.
17. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы өтініш-сауалнамада жауаптар болмаған жағдайда, Сақтандырушы тиісті бос толтырылмаған жолдарды өз пайдасына түсіндіретінімен (мысалы, күзет туралы белгі болмаса – күзет бар деп болжанады (ал егер күзет болмаған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады), өткен жылдар мен айлардағы шығындар туралы ұяшық бос болса, шығындар болмаған деп болжанады, ал егер болған болса, Сақтанушы қолайсыз ақпаратты жасыру үшін көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп болжанады және т.б.) және Сақтанушы қолайсыз ақпаратты жасыру үшін көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презумпцияланатынымен келіседі.

18-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ҚОЙМА ИЕСІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

**Қойма иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыруды сақтандыру ережелеріне
№ 1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ / СТРАХОВОЙ ПОЛИС _____ № _____

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Евразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA
САҚТАНУШЫ (аты-жөні, ЖСН, АБ, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / СТРАХОВАТЕЛЬ (Ф.И.О., ИНН, ПА, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ЗАСТРАХОВАННЫЙ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
ПАЙДА АЛУШЫ САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІНІҢ МЕКЕН ЖАЙЫ / МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ОБЪЕКТА СТРАХОВАНИЯ	

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
БЕЗУСЛОВНАЯ ФРАНШИЗА / ШАРТСЫЗ ФРАНШИЗА	
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	
ПОЛИСІН ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	
КОМИССИЯ/АГЕННИК ТӨЛЕМ	

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзім хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.
Сақтандыру Ережесімен таныстым және алдым / С Правилами страхования ознакомлен и копию получил

Сақтандырушы (немесе оның өкілі) /
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИНН/БИН

телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы бойынша және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;
- 2) сақтандыру жағдайы басталғаннан бастап, егер ол Пайда алушы болса, осы Полис бойынша сақтандыру төлемін алу;
- 3) басқа да Қазақстан Республикасының заңдарындағы көзделген құқықтарға ие.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Полисті алмас бұрын Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес Сақтандырушының сақтандыру Полисін беру туралы шешім қабылдау;
- 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалынатын сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 3) сақтандыру Полисінде белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 4) сақтандыру талаптарын сақтандырылған тұлғаларға жеткізу;
- 5) сақтандыру шарты әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлап отыру;
- 6) сақтандыру Ережесінің шартын орындауға (сақтандырылғанның сақтандыру Ережесін бұзылуы, сақтанушының өзі сақтандыру Ережесін бұзды деп танылады);
- 7) сақтандыру жағдайының белгісі бар не сақтандыру жағдайына әкеп соғуы мүмкін кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап Сақтандырушыға осы Полисте көрсетілген мерзімде дереу хабарлау;
- 8) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін немесе тоқтату үшін шаралар қолдануға;
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасына байланысты барлық ақпаратты ұсыну келтірілген шығынның көлемі мен сипатын себептері мен жағдайын ұсыну;
- 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз ету.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырылатын мүлікті қарау, керек жағдайда оның нақты құнын анықтау үшін сараптама тағайындау;
- 2) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) осы Полис талаптарын орындалуын тексеру;
- 3) Сақтандыру жағдайының белгісі бар кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, құзыретті органдарға сұраныс жіберу;
- 4) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан ақпарат талап ету;
- 5) зақымдалған мүлкін қарап тексеруге, қатысуға;
- 6) сақтандыру оқиғасы қасақана Сақтанушының немесе оның құзыретті адамының себебінен болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе сақтандыру оқиғасы деп танымау туралы жазбаша Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға / Пайда алушыға) хабарлау;
- 7) кез-келген жағдайда сақтандыру қауіпін тексеру, тексеріс жүргізу;
- 8) сақтанушы немесе сақтандырылған сақтандыру шартын немесе сақтандыру Ережесін бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) тағы да басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен көрсетілген әрекеттер жасау;
- 10) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұратуға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарын азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;
- 5) Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны) 15 күннің ішінде сақтандыру жағдайына тиісті құжаттардың жетіспеуіні хабарландыру;
- 6) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚКТҚ тізбесі) болуы;
- сақтанушымен/ сақтандырылушымен тиісті тексеруді жүргізу үшін сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбау;
- ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операция КІЖ және ТҚ мақсатымен жасалғанын болжауға негіздеме бар болған жағдайда.
5. Сақтандыру оқиғасы болған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) не оның өкілі сақтандырылған мүлікті сақтау және құтқару үшін, кінәлі тарапқа суброгация құқығын қамтамасыз ету үшін шараларды жасауы тиіс, онымен қоса Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болған кезде дереу, бірақ 3 (Үш) күннен кешіктірмей, мейрам және демалыс күндерін қоспағанда, жазбаша түрде Сақтандырушыға (немесе оның өкілетті тұлғасына) хабарлауы тиіс және тағы да басқа мүлікті сақтандыру Ережелерінде көрсетілген әрекеттер жасау.
6. Сақтандыру оқиғасының болуы және одан келген шығынды дәлелдеу Сақтанушының мойнында.
7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Осы талаптарда реттелмеген басқа да сұрақтан бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Қойма иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является Выгодоприобретателем по настоящему Полису;
- 3) на иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) перед получением настоящего Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о выдаче настоящего Полиса;
- 2) письменно сообщать Страховщику обо всех заключенных и заключаемых Договорах страхования с другими страховыми компаниями;
- 3) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные настоящим Полисом;
- 4) довести до сведения Застрахованных условия страхования;
- 5) информировать Страховщика о состоянии страхового риска;
- 6) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования застрахованным расценивается как нарушение Правил страхования самим страхователем);
- 7) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки, установленные настоящим Полисом;
- 8) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 9) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;
- 10) обеспечить переход к Страховщику права к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик вправе:

- 1) перед выдачей настоящего Полиса произвести осмотр страхового имущества, а при необходимости – назначить экспертизу в целях установления его действительной стоимости;
- 2) проверять предоставленную Страхователем (Застрахованным) информацию и документы, а также выполнение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего Полиса;
- 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 5) участвовать в осмотре поврежденного имущества;
- 6) отказать в страховой выплате в случае умысла Страхователя или его уполномоченного лица, а также при невыполнении Страхователем условий настоящего Полиса, либо непризнания события страховым случаем, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного) / Выгодоприобретателя;
- 7) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;
- 8) на досрочное прекращение договора страхования в случае нарушения страхователем или застрахованным договора страхования или Правил страхования;
- 9) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;
- 10) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные в настоящем Полисе;
- 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 4) обеспечить тайну страхования;
- 5) уведомить Страхователя/Застрахованного о недостающих документах, касающихся страхового случая в срок не позднее 15 календарных дней, с даты получения документов.
- 6) отказать в страховой выплате в следующих случаях:
- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
- не предоставление страхователем/застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу страховщика для проведения надлежащей проверки;
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.
5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять меры к спасению и сохранению поврежденного имущества, а также обеспечению права суброгации к виновной стороне, а также незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах страхования имущества от ущерба.
6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования гражданско-правовой ответственности владельца склада АО «Страховая компания «Евразия».